



010000, Нұр-Сұлтан қ., Бейбітшілік к-сі, 11 үй  
тел.: 55-66-31, 55-66-35, факс: 55-72-94

010000, г. Нур-Султан, ул. Бейбитшилик, 11  
тел.: 55-66-31, 55-66-35 факс: 55-72-94

№  
11.03.2021 № 2 ге

**Тұрақты комиссияның  
2021 жылғы 11 наурыздағы  
қаулысы**

**Газға қосылу кезінде  
проблемалық мәселелерді  
талқылау**

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы (бұдан әрі - тұрақты комиссия) газға қосылу кезіндегі проблемалық мәселелерді тыңдап және талқылап, жергілікті атқарушы органдардың осы бағытта белгілі бір жұмыс жүргізіп жатқандығын атап өтеді.

Нұр-Сұлтан қаласында газ тарату желілерінің құрылысы (құны 44,6 млрд. теңге) 2023 жылға дейінгі құрылыс мерзімімен үш кезекке бөлінген.

Қазіргі уақытта 9 іске қосу кешені бар бірінші кезектің құрылысы жүргізілуде, оны аяқтау 2020-2021 жылдарға кезең-кезеңімен жоспарланған.

1, 2 (ЖЭО-1, ЖЭО-2), 3 (Көктал т/а газ құбырын жеткізетін), 7 («Железнодорожный» т/а) және 4 (Көктал-2 т/а, агроқалашықтың бөлігі) іске қосу кешендерінің құрылысы аяқталды және олар кейіннен пайдалануға берумен және тұтынушыларға газ жібәрумен «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ сенімгерлік басқаруына берілді.

2021 жылдың 30 мамырына дейін 6 іске қосу кешенінің (Көктал-1) құрылысын аяқтау жоспарлануда. 5 (Агроқалашық), 6 (Көктал-1), 8 (оңтүстік-шығыс сол жағы) және 9 (оңтүстік-шығыс оң жағы) іске қосу кешендерінің құрылысын аяқтау және пайдалануға беру 2021 жылғы тамызға дейін күтілуде.

Газ тарифі 2020 жылғы 1 қарағадан бастап қолданысқа енгізіле отырып, м3 үшін 34,6 теңге деңгейінде (м3 үшін 24,35 теңге көтерме бағаны ескере отырып) айқындалған. Егер біз осы тарифті қатты отынмен салыстыратын болсақ, онда газды пайдалану көмір құнынан 10-15%-ға арзан.

«Нұр-Сұлтан қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы» ММ (бұдан әрі - Басқарма) тұтынушыларын қосуға шығындарды төмендету мақсатында халықтың қорғалмаған топтары үшін қосқаны үшін 263 мың теңге мөлшерінде өтемақы көзделген. Сондай-ақ,

газдандыру жобасында есептеу құралдарын сатып алу қарастырылған, бұл оны тұтынушыларға тегін негізде беруге мүмкіндік береді.

Үйлерді газдандыру жұмыстарының құны нарықтық болып табылады. Бүгінгі күні Нұр-Сұлтан қаласы бойынша газ құбырының 30 метріндегі жұмыстардың (жобалау жұмыстары, құрылыс-монтаждау жұмыстары, атқарушылық құжаттаманы дайындау және «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ тапсыру) құны 124 мың теңгені құрайды. Орташа құны 150 мың теңге. Бұл бағаға үйге газ жүргізу кезінде қажет газ тұтынатын жабдықтар мен компоненттердің құны кірмейді. Әрбір үйді қосу құны газдың квадратурасы мен мақсатына байланысты жеке болып табылады.

Ауа температурасының төмен болуына және абоненттер санының аз болуына байланысты полиэтилен газ құбырларында конденсат пайда болады, бұл төтенше жағдайларға әкелуі мүмкін. Бүгінгі таңда жағдай қалыпқа келді, абоненттер саны артып, сәйкесінше төмен газ қысымы бойынша өтінімдер азайды. Тұрғындарды үздіксіз газбен жабдықтауды қамтамасыз ету мақсатында «Интергаз Орталық Азия» АҚ апаттық бригадасы күн сайын газ тарату желілері жүйесін тазарту бойынша профилактикалық жұмыстар жүргізеді.

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ филиалы берілген техникалық шарттарға сәйкес орындалған жұмыстарға және кейіннен абоненттерге газ беру үшін «Табиғи монополиялар туралы» 2018 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабының 16-тармағына сәйкес реттелетін қызметті алуға дайындығына (2 жұмыс күні ішінде) тексеру жүргізеді.

Бүгінгі таңда 924-тен астам техникалық шарт берілді, техникалық шарттарды алу үшін абоненттерге кеңес беру жалғасуда.

Тұтынушыларды газбен үздіксіз және апатсыз жабдықтауды қамтамасыз ету мақсатында «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ филиалымен келесі жұмыстар мен іс-шаралар жүргізілуде:

«Интергаз Орталық Азия» АҚ «Қарағанды» МГҚБ-мен газ тарату және газ тасымалдау жүйелерін пайдалану бойынша шарт жасалды»;

«Интергаз Орталық Азия» АҚ және қалалық қызметтермен апаттық жағдайлар туындаған кезде, «Астана-Энергия» АҚ объектілерінде (ЖЭО-1 және ЖЭО-2) және Нұр-Сұлтан қаласының басқа да газдандырылған объектілерінде жарылыс және өрт кезінде ықтимал апаттарды оқшаулау және жою бойынша өзара іс-қимыл жоспарлары әзірленді;

газ шаруашылығы объектілеріндегі апаттарды оқшаулау және жою бөлігінде және «Интергаз Орталық Азия» АҚ апаттық бригадасының персоналы және өндірістік қызметтері, сондай-ақ «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ филиалының апаттық-диспетчерлік қызметі үшін тұрмыста газды пайдалану кезінде әртүрлі тақырыптарда оқу-жаттығу сабақтары өткізіледі»;

жеке және заңды тұлғаларды газбен жабдықтау кезінде, оның ішінде міндетті түрде қауіпсіздік автоматикасы, метан мен улы газдың бар-жоғын анықтауға Газдану сигнализациясы бар газ жабдығын орнату бөлігінде талаптар қатаң сақталады, абоненттерге тұрмыста газды қауіпсіз пайдалану

жөнінде жадынамалар беріледі және газға қатысты туындаған барлық мәселелер бойынша түсініктемелер беріледі.

Сонымен қатар, тұрақты комиссия газдандыруға қосылған кезде проблемалық мәселелер бар екенін атап өтті.

Қала тұрғындары тарапынан газ жабдығын монтаждау жөніндегі мердігерлердің кәсіби еместігіне қатысты шағымдар келіп түсуде, оның салдары газ жабдығын тиісінше орнатпау, газдың кемуі және қосымша қаржылық шығындар болып табылады. Тұрғындар бірнеше рет жабдықты жарамсыз күйге келтіретін және жұмыс істемейтін түрлі компанияларға жүгінеді. Осы ұйымдардың қызметіне мемлекеттік сәулет бақылауын күшейту және ұйымдар сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы заңнаманы бұзған жағдайда заңнамада көзделген шараларды қолдану қажеттілігін атап өткен жөн.

Тұрғындар монтаждау жұмыстарын жүзеге асыратын Компаниялардың фискалдық чек беруден бас тарту фактілерін атап өтуде.

Газдандыру жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыруға арналған шарттар нақты мерзімдер көрсетілмей, тұрғындардың мүдделері ескерілмей жасалады.

Халықтың әлеуметтік осал топтары өкілдерінің газға қосылу деңгейінің төмендігі байқалады. Осыған байланысты газдандыруды кеңінен қамту мақсатында қала тұрғындарының осы санатымен мақсатты түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет.

Сондай-ақ жасалған рейтинг негізінде тұрғындардың көрсетілген санатын газға қосуды жүзеге асыратын компанияларды анықтау қажет.

Халықтың газға қосылу алгоритмі туралы жеткіліксіз хабардар болу проблемасы мәслихаттың 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № 522/77-VI шешімінде (бұдан әрі – шешім) көрсетілген, алайда ол қазіргі уақытта өзекті болып қала береді. Сондай-ақ, газ тарату желілерін цифрландыру қажеттілігі туралы шешім тармағы орындалмады.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. Газға қосылу кезінде проблемалық мәселелерді талқылау жөніндегі ақпарат назарға алынсын.

2. Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігіне ұсынылсын:

Нұр-Сұлтан қаласын газдандыру бағдарламасын іске асыру жөніндегі жұмысты жалғастыру;

газдандыру процесін бақылау тетігін әзірлеу бойынша ұсыныстар әзірлеу;

газдандыру жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыратын ұйымдардың қызметіне мемлекеттік сәулет бақылауын күшейту және сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы заңнама бұзылған кезде заңнамада көзделген шараларды қолдану туралы деректер беру;

қала бойынша Мемлекеттік кірістер департаментімен бірлесіп

Нұр-Сұлтанға фискалдык чек бермейтін ұйымдарды жауапкершілікке тарту бойынша жұмыс жүргізу, сондай-ақ тұрғындармен мұндай фактілер туралы Мемлекеттік кірістер органдарына хабарлау тәсілдері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

газдандыру жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыруға арналған үлгілік шарттың нысанын әзірлеу және оны газдандыру жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыратын ұйымдарға пайдалануды ұсыну;

орындалған жобалар мен тұрғындардың пікірін ескере отырып, газдандыру бойынша жұмыстар мен қызметтерді жүзеге асыратын компаниялардың рейтингін жасау және тұрғындар арасында тарату;

халықтың әлеуметтік осал топтарының өкілдерімен газға қосу бойынша Мемлекеттік әлеуметтік көмек туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу, сондай-ақ рейтингі жоғары компанияларға ұсыну;

әлеуетті тұтынушылар арасында жалпай ақпараттық жұмыс жүргізу;

Нұр-Сұлтан қаласының газ тарату желілерін цифрлау жөнінде ақпарат берсін.

3. Осы қаулының орындалуы бойынша ақпаратты қалалық мәслихатқа бір ай мерзімде беру қамтамасыз етілсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының  
құрылыс, экология, көлік, сауда  
және тұрғын үй-коммуналдық  
шаруашылығы мәселелері жөніндегі  
тұрақты комиссиясы  
төрағасының орынбасары**



**Ғ. Сәтмағамбетов**